



РЕДАКТОРДАН

Үйіміз жаңа. Ал ойымыз ше?

Армысың, оқырман!

Осыдан бір жиырма-отыз жыл бұрынғы білім беру ісі А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы «Бәріміз де ептеп үйрендік...» дегенге саятын еді. Сондағы біліммен, тәрбиемен мақтанып қалу деген жолдар қазір өзекті болып тұрған сияқты. Осы күні мұндайларды үлгі тұтып, беткер ұстар ретінде танимыз! Шынайы бет-бейнесі туралы біреу ойланды ма екен, бірақ...

Бүгінде білім мен ағарту саласы үлкен дағдарыстың алдында тұр. Адамның өмір сүру қағидасы өзгеріп, оқушы ақпарат пен жаңашылдық ағынына төтеп берем дегенше, тағы бір толқынның астында қалып жатыр. Уақыт білім беру саласынан функционалдық сауаттылық деген ұғымды талап етіп, оқушылардың тек біліммен ғана қаруланғанын емес, болашақ мамандықтарын таңдау міндетін де қойып отыр. Сауаттылық адамның негізгі мақсаты ретінде де танылуда.

Жаңартылған білім беру мазмұны оқушылардың алған білімін өмірде қолдануына бағыттайды. Батыста бұл тәжірибе баяғыда кіріктірілген, көштен қалғанымыз халықаралық олимпиадаларда анық байқалып жүр. Біздің балалар функционалдық сауаттылық жағынан дамыған елдегі құрдастарынан көп артта қалғандығын мойындау керек.

Енді әр сыныптың жаңартылған мазмұнға көшу кестесі жасалып, бұл реформа жоғары оқу орындары мен колледждерді айтпағанда бастауыш сынып оқушыларын да қамтыды.

Бір қарағанда оқушылардың шамадан тыс жүктемелері азайып, жүйелі білім алуларына қолайлы жағдай жасалған сияқты: бастауыш сыныптар бескүндік оқуға көшірілді, үй тапсырмасы азайды, білім берудің белсенді формасына көштік (сабақ үстіндегі диалог, топтық жұмыстар т.б). Критериалдық бағалау да өзінше бір жаңашылдық. Мұның бәрі тың дүние, бәрі қызық! Бірақ жаңа жүктемелерден де қашып құтылу мүмкін болмай тұр. Тақырыпты жылдам игеру, ғылыми білімдердің көбеюі, үштілділік...

Мектептерге жаңартылған білім беру мазмұны кіріктірілгеніне биыл үшінші жыл. 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламаның аяқталуына да санаулы күндер қалды.

Ал біздің оқушылар қашан өз бетінше ізденуді үйренеді, бұл жүйеде өзін судағы балықтай еркін сезініп, ұстаздар осы үдерісті бақылайтын модератор қызметіне көшеді деген сауалдар ашық күйінде қалып отыр. Сөзден іске көшсек бұл дүниелер шындыққа айналады, қазір көптеген шараларға тән көзбояушылықтан арылатын күн туады дегенге сенгің-ақ келеді.

Ал скептиктер әлі де, бұрынғыны қайтарып, жаңаны төңкеріп тастайық деп байбалам салуда!

«Үйіміз жаңа болғанымен, ойымыз әлі ескіліктен арылмай тұр» деген Грибоедов «Ақылдың азабы» комедиясындағы жағдайды бастан кешудеміз. Қолға алынып отырған сан қырлы жұмыстың басты құндылықтары – ізгілік, әр балаға жеке тұлға ретінде қарау мен ұстаздың жұмысына қолдау көрсету екендігі қуантады.

Жаңартылған білім беру мазмұны үшін күрес енді басталды. Кертарпта ойдан арылу оңай шаруа емес. Журналымыздың өткен санында жарық көрген Алматы мектептері мен педогогтерінің табанды еңбегі осыған дәлел. Осы санда өзге өңір тәжірибелері мен әріптестердің күресіне куә боласыздар.

Ольга Шиленко